

# Пышақ қайрағыш Aceline A1090, A1153

## Құрметті сатып алушы!

Сізге «Aceline» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Сақтық шаралары

- Пышақтармен және кескіш құрал-сайманмен жұмыс істеген кезде аса сақ болыңыз.
- Бұйымды жарықтандыру нашар орынжайларда пайдаланбаңыз.
- Бұйыммен жұмыс істеу тұрақты тегіс бетте жүргізілуі тиіс.
- Бұйым балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда.
- Алкогольдік және есірткілік масаю күйінде бұйыммен жұмыс істеуге тыйым салынды.

## Бұйымды пайдалану

Назар аударыңыз, пышақ қайрағыштың қайрауға арналған 3 ойығы бар.

Әрбір келесі ойық жүздің неғұрлым жіңішке әрі дәл қайралуын жүргізуге мүмкіндік береді. Ең жақсы нәтиже алу үшін пышақты осы ретпен қайрау ұсынылады:

1. Алмазды жабыны бар өзек жүзді қайрауға дайындау, қылауларды түзету және жүзін теңгеру үшін қызмет атқарады.
2. Карбид өзектер жүзді тікелей қайрау қызметін атқарады.
3. Керамикалық өзектер жүзді жылтыратуға және оны барынша өткір қайрауға мүмкіндік береді.

- Пышақ қайрағышты жазық тұрақты бетке орналастырыңыз. Пышақ қайрағышты бір қолмен, ал пышақтың тұтқасын - екінші қолыңызбен ұстап тұрыңыз.
- Пышақты бірінші ойыққа пышақ қайрағышқа қарай 90° бұрышпен толығымен салыңыз. Пышақтың жүзін басып тұрып, оны ойықтан толығымен тартыңыз. Пышақты үнемі ұшына қарай жүргізіп отырыңыз, пышақты өзіңізден ары қарай қайрамаңыз.
- Пышақты ойық арқылы 5-7 рет тартып шығыңыз. Бұл қайрау үшін жеткілікті. Неғұрлым қатты болаттан жасалған пышақтар одан да көп қайталауды талап етуі мүмкін.

## **Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Бұйым қандай да бір монтаждауды немесе қосымша бекітуді қажет етпейді.
- Бұйымды сақтау өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында өз қаптамасында жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Бұйым құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Бұйым ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Бұйымды өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүзеге асырылуы тиіс.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Хиамеа Китчен (Чжуншань) Ко., Лтд.  
Дуншэн, Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

### **Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

### **Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:  
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>